



Кітапхананың

імінде көптеген жылдар бойы ел тарихы, өлке тарихы  
ық мәліметтер жинақталып, оқырмандарға ұсынылып ке-

Інжу - Маржан

## Күйшімен кездесу

леді. Күй орындаушы, композитор, «ҚР Өнер  
қайраткері», «Парасат» орденнің, «Ерен  
еңбегі» медальның, «Құрманғазы атындағы  
Қазақ Ұлттық консерваториясының профе-  
соры, «Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет

қайраткері», Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, Жаңаарқа ауданының тумасы,  
шертпе күй шебері Мұхамеджан Тілеухановпен кездесу кеші өтті. Кездесуде Мұхамеджан  
Қанайұлына ақпараттық библиографиялық бөлімнің меңгерушісі Ақбөпе Қартайқызы  
сұрақтарды қойды. Ағамыз мүдірмей жілігін шағып, майын тамызып тұрып бар сұрақтарға  
жауап берді. Күмбірлеген домбырасының құлағын күйлеп алып, шертіп-шертіп жіберіп Сай-  
далы Сары Тоқаның күйін күмбірлете жөнелгенде, оқушылар да үлкен бір әсер алды. Жан-  
жақтан оқушылар да өз ойларындағы сұрақтарын бере бастады, күйлерінің шығу тарихы  
туралы, қай шет ел мемлекеттерде өнер көрсеткені өздері қойған сұрақтарына үлкен тәрбиесі  
мен рухы оянатындай қойған сұрақтарына әсерлі, жауап алды. Қорытындылай келіп  
Мұхамеджан ағамызға алтын уақытын бөліп келгеніне ризашылығымызды білдіріп, от ба-  
сына амандық, береке-бірлік, бақ-дәулет тіледік.

Ақпараттық-библиографиялық бөлім әлемге танылған жерлес ақын жазушылармыз  
Т.Аршабековтың “Жаңаарқа тарих толқында” және Ахат Байбосыновтың “Сайдалы Сары  
Тоқа күйлері” атты кітаптарын сыйға тартып, иығына шапан жауып, келесі жылы үлкен  
75жас мерейтойына тағы бір кездесерміз деп, ағамызға жүрек жарды тілектерімізді айттық.

Аудандық орталықтандырылған кітапхана  
ақпараттық-библиографиялық бөлімі